



# ДИҚАНДАРДЫҢ МАҚСАТЫ АЙҚЫН



Өңір диқандары астық ору науқанына сақадай-сай әзірленіп, маңдай термен өсірілген несібені шашаусыз жинап алуды басты мақсат етіп отыр. Жауапты науқанмен тұспа-тұс келген “Дала күні” Тайынша ауданындағы “Астық STEM” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің танап басында ұйымдастырылып, оған облыстан және көршілес өңірлерден 300-ден астам диқан қатысты.

Іс-шараны кіріспе сөзбен ашқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағанбетов күзгі орақтың маңыздылығын атап өтті.

“Ораққа дайындықты тексеру, айтылатын ұсыныс-пікірлер мен өтініштер негізінде қордаланған проблемаларды бірлесіп шешудің оңтайлы жолдарын қарастыру жылдағы дәстүрге айналған. Облыста азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ішкі нарық үшін әлеуметтік маңызы бар дақылдарды көптеп өсіруге, астық өндірісін әртараптандыруға барынша басымдық беріліп отыр. Биыл қарақұмық алқабы – 2,5 есе, картоп 1,5 есе, жасымық 115,3 мың, құнбағыс 131 мың, қыша 13 мың гектарға ұлғайтылды. Топырақ құнарлылығын арттыру мақсатында 2,3 млн.

гектар жерге 174,5 мың тонна минералды тыңайтқыш енгізілді”, – деді Марат Иманбайұлы.

“Қазақстанда астық дақылдарын өсіру” тақырыбында өткен семинар барысында аграршылар іс-тәжірибе алмасып, жергілікті егіншілік технологиясымен танысты, ой-пікірлерін ортаға салды. Ауыл шаруашылығы техникаларының басты жетістіктері мен озық әдіс-тәсілдердің артылықшылықтары паш етілді.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

Біз әлемді тамақтандырамыз!

## БОЛАШАҚ ОСЫНДА!

ТИЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ SMART ШЕШІМ

### JCB 525-60E

ШУ ТӨМЕН ДЕҢГЕЙДЕ  
10-сағаттық ауысымда  
оператордың жайлылығы

ТАР ЖАҒДАЙЛАРДА МАНЕВР ЖАСАУ  
сыртқы радиус бойынша 3,7 м  
бұрылыс жасау

ЛИТИЙ-ИОНДЫ АККУМУЛЯТОР –  
САҒ. 24 КВТ  
күні бойы үздіксіз жұмыс жасайды

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛМЕЙТІН  
БАТАРЕЯ  
пайдалану шығындары минималды

Максималды  
жүк көтергіштігі  
2500 кг

Максималды  
көтеру биіктігі  
6 м  
(жөндеу/жетілдіру  
жүзеге келмейтін  
мақсат және білік  
бергіш ұстама-  
тестіру)

Тез қуаттандыруға  
арналған құрылғы  
110 МИН.





\* Ақан сері Қорамсаұлының туғанына – 180 жыл

# АЛТЫ АЛАШТАН «СЕРІ» ДЕГЕН АТ АЛҒАН АҚАН СЕРІ



**Арқаның ардагері атанған Ақан сері — өзі өмір сүрген дәуір шындығын ән-музыка, өлең-жыр туындылары арқылы бейнелей білген ұлы суреткер, дарынды композитор. Асыл өнерімен де, жеке бас әдет-мінездерімен де, сән-салтанатымен де даралана көзге түскен қазақтың ең қадірлі серісі. Жақсылық пен әділеттік жолына белін бекем буған, ақыл-парасаты биік саналы гуманист. Ол ақынның айтқыры, әншінің саздысы, сазгердің наздысы, серінің сейдіні.**

Ақанның туған жері — жасыл желек жамылған қалың нұлы, көл-көсір өзен-сулы табиғаты бар, қалың қарағай мен ақ балтыр аққайың бой таластыра өскен Көкшенің кербез сұлуы атанған қасиетті жер. Болашақ ақын 1843 жылы Көкшетау уезінің Шалқар болысында үлкен Қоскөл жағасында дүниеге келген.

Биыл қазақ ән өнеріне өзінің жауһар туындыларымен айрықша үлес қосқан Арқаның ақтаңгері — Ақан сері Қорамсаұлының туғанына 180 жыл. Осы айтулы мерекеге орай Айыртау елінде екі күнге созылған іс-шаралар легі өтті. Жұма күні Саумалкөл ауылында “Құлагер шабыт – сері Ақан” атты республикалық ақындар айтысы өтті. Жыр бәйгесіне Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Абай облыстарымен

қатар Астана, Алматы қалаларынан 12 ақын қатысты. Шараны құттықтау сөзімен ашқан аудан әкімі Ерболат Бекшенов ақын тойына келген меймандарға алғыс білдіріп, аламанға сәттілік тіледі.

Ақындар еліміздің бүгінгі күнге дейінгі тарихы мен даму белестерін, жетістіктерін өлеңмен өрнектеді. Айтыс – синкреттік өнер болғандықтан халықтың көкейіндегі өзекті мәселелер де қозғалды. Бабалардан қалған ұлық өнерді қадір тұтатын жұртшылық айтысқа келіп, кәусар жырдан нәр алды.

Сахнаға алғашқы жұп болып Қостанай облысынан келген Айбар Рағатов пен ақмолалық Нұрислам Әбділ шықты. «Алдымен сөз бастау қиын» демекші, айтыстың шымылдығын түрген алғашқы жұпқа оңай тиген жоқ. Айбар айтысқа қосылған жас ақындардың бірі. Ол қарсыласын әзіл-қалжыңымен қағытып отырды. Екінші жұптың айтысы да көрерменге салмақты ой салып, жырға шөлдеген елді сөз құдіретімен сусындатты. Жұмабек Рақымов пен Ерлан Дәулет сөз жарыстырды. Жұмабек көпшілікті алаңдатып отырған елдік мәселелерді түйдек-түйдегімен айтып, жұртшылықты желпіндіріп отырды. Алайда қарсыласы Ерлан да қалыспады. Талай жыр додаларында ысылған ол отты жырларымен

еркін көсілді. Сондай-ақ қарағандылық Мақсат Аханов Астанадан келген Әсем Ережеқызының айтысы да тартысты өтті. Рухани қазынамыз төл өнерді дәріптеді. Ал жерлесіміз Дәулет Құрмаш пен Алматыдан келген ару Ақбота Манарбекова қыз бен жігіт арасындағы айтысты қыздыра түсті. Диас Аяған мен Нұрбек Бәкірдің айтысы да көрерменді бей-жай қалдырмады. Айтыстың айтыстың көркін қыздырған екі ақын өскемендік Серік Хуанған мен Абай елінен келген семейлік Қуандық Кенжебекұлына қазылар алқасы жоғары баға берді.

Бәйгенің бірінші айналымынан сүрінбей Бөткен 4 ақын финалда айтысып, жыр додасының көрігін қыздырды. Оның нәтижесінде бас жүлдені Есіл ауданының тумасы Жұмабек Рахимов иеленді. Жұмабек ақынның бұл жолы тыңғылықты дайындалып келгені байқалып тұрды. Ал бірінші орын оның қарсыласы Ерлан Дәулетке бұйырды. Екінші орынды Әсем Ережеқызы еншілесе, үшінші жүлдені Мақсат Ақанов, Серік Қуанған өзара бөлісті. Ал арнайы жүлде Ақбота Манарбекқызы, Дәулет Құрмаш, Нұрбек Бәкір сынды жастарға табысталды.

Мерейтойдың екінші күні Ақанның ауылы Кеңашыда өтті. Алдымен Ақанның ескерткішіне гүл шоғын қойып, тағзым етілді.



Алдына қылқұйрықты салмаған ерен жүйрік – Құлагер. Арқырай аспанға шапшыған ат үстінде қолындағы домбырасын бауырына қыса-қымтай ұстаған ән өнерінің мәңгі сөнбес жарық жұлдызы – Ақан сері! Құлагердің бауырында, оң жақ қапталында қасқырды қынадай қырған әйгілі қазақы төбет – Басарала. Тұғыр үстіндегі құс біткеннің қыраны, шын қыраны, Ақан серінің әйгілі «Қараторғай» әніне арқау болған, Зілғараның Әлібегі сыйлаған қыран бүркіті – Қараторғай! Бұл жер тұтас кешен. Аумағы ат шаптырым. Ұйыса өскен аққайыңды орманның қойнауында. Бір кезде Ақан ән салған осы далада жайқалып өскен қалың орман сыбдырлай сыбырлап, ақтаңгердің әнін үздіге шырқап тұрғандай. Ескерткішке жалғас ашық аспан астындағы ауқымы әжептәуір далалық сахна. Сахнаның қарсы алдында көрермендер жайғасатын кең орын.

Үлкен алаңда қаз қатар тізілген киіз үйлер мен алты бақан Ақанның ауылына түскендей ой қалдырады. Ортада жайылған боз кілемде еліміздің түкпір-түкпірінен келген балуандар күштерін сынасып жатса, алаңның солтүстігінде келген қонақтар мен ауыл тұрғындарына Ақан сері атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының әртістері мен аудан дық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздарының концерттік бағдарламасын ұсынды. Жиналған жұртшылықты Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Сәтжан Абдалиев атаулы мерейтоймен құттықтады.

– Айыртау ауданы сұлу табиғатымен ғана емес, тарихи, мәдени жағынан да күллі елге мәлім аймақ. Мұның бір дәлелі – Ақан сері шығармашылығы. Ақан сері өз әндерімен ұлттық өнерімізде өшпес із қалдырды. Ақынның 150 жылдығы дәл осы ауылда атап өтіліп, осы маңда үлкен ескерткіші қойылды. Оның өмірі жайлы талай туындылар дүниеге келіп, фильм түсірілді. Бүгінгі шара да осындай игі істердің жалғасы іспетті, – деді Сәтжан Әйтенұлы.

Ұлттық өнеріміз бен мәдениетіміздің дамуына қосқан үлесі үшін, тарихи асыл қазынамызды өскекең ұрпаққа жеткізу жолындағы адал еңбегі үшін және Ақан серінің 180-жылдық мерейтойына орай Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хаты еңбек ардагері Күміс Әнуарбекқызы Мұратбекова, мәдениет саласының ардагері Роза Жұмалиқызы Айтжанова, Айыртау ауданының Құрметті азаматы Елемес Сәулеұлы Қалиев, Ақан сері атындағы облыстық филармониясының әншісі, Ақа сері әндерінің орындаушысы Біржан Сәрсембайұлы Есжанов, «НұрСам» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Нұрлан Қоспанұлы Рақымжанов, қосымша білім беру орталығының маманы, Ақан сері әндерінің орындаушысы Марат Оразғалиұлы Кенжеболатов, Антоновка

ауылдық округінің әкімі Жомарт Жетпісбайұлы Оразалиндер марапатталды.

Шара қонағы Сенат депутаты Әсем Рахметова сахнаға шығып, жерлестеріне жүрекжарды лебізін білдірді.

Аудан әкімі Ерболат Бекшенов те жерлестерін айтулы күнмен құттықтап, Ақан сері Қорамсаұлының ұлт руханиятында алар орнына тоқталып, ақын шығармашылығын зерттеп, әндерін орындап жүрген азаматтарға алғысын білдірді. Өз сөзінде аудан әкімі Айыртау ауданының тумасы медицина ғылымдарының докторы, белгілі дәрігер Абай Байгенжиннің облыстың құрметті азаматы атағын иеленгенін сүйіншілеп, тойға келген құрметті қонаққа ілтипат көрсетті. Туған жердің төрінде мерейі өскен Абай Қабатайұлы да өз ризашылығын білдіріп, құттықтау сөзін жеткізді. Күні бойы 16 спортшы әртүрлі әдістері мен айлаарын қолданып, қарсыласын жеңіуге тырысып бақты. Нәтижесінде 60 келі салмақ дәрежесінде Саумалкөлден келген Нұрбек Уатхан 3 орын, Бірлестік ауылынан Асхат Қайркен 2 орын, петропавлдық Намиқ Набиев 1 орынға ие болды. 65 кг салмақ дәрежесінде Тимирязев ауданынан Руслан Ильбисинов 3 орын, Шал ақын ауданынан Сұлтан Бірімжанов 2 орын, Жамбыл ауданының спортшысы Мұхамед Қалелов 1 орынды иеленді. 74 кг салмақ дәрежесі бойынша Ақан сері ауылынан Нұржан Гилмиденов 1 орын, Қарақамыс ауылының Темірке Бекзат 2 орын, Абдрасулов Мерей 1 орынға ие болды. 80 келі салмақ дәрежесінде Қарақамыс ауылының спортшысы Алмат Төлеухан 3 орын, Ақан сері ауылынан Еламан Қайырғелдинов 2 орын, Петропавл қаласынан Батырхан Қайырбек 1 орынды иеленді. Түйе палуан 3 орынды Шал ақын ауданынан Мейірбек Рахимов, Уәлихан ауданынан Алтынбек Аусағитов 2 орын, Ақан сері ауылынан Әсет Жүнісов 1 орынды иеленді.

Жүйрік аттың тағдыры - қаһарман батырдың тағдыры - халықтың тағдыры. Жүйрік ат - қазақ халқының жаны! Өмірімізге техника араласқанға дейін сәйгүлігін сайлап, тарланды таңдап мініп, үзеңгіге табан тіреген қазақ елінің айбары астам, мерейі үстем болып келген.

Қазақта «Жүйрікте де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек» деген мақал бар. Мұндағы «жүйріктің қазанаты» деп отырғандары жоғарыда аты аталған батырлардың мінген тұлпарлары. Жүріске шыдамды, күшті, етжеңді. Жазба деректерде жылқының бұл тұқымын арғымақ пен жабыны будандастыру арқылы алған деседі. Дене бітімі жабыдан да ірі, күпшек санды, құйма тұяқ, кең танаулы болып келеді. Қазанаттың тұлпарын алу үшін атасы арғымақ, анасы жабы болғаны дұрыс. Себебі, жылдамдық пен асылдық атадан, ал күш пен қайрат анадан дарыған.

Дана халқымыз бәйгеге қосатын жүйрік

жылқыларды тұлпар, арғымақ, сәйгүлік деп ерекше қастерлейді. Соған сәйкес оларды өзгеше күтімге алады. Өйткені, дәстүрлі қазақ қоғамында сәйгүліктер тек қана иесінің емес, бүкіл әулетінің, руының, елінің мәртебесін асқақтататын түлік төресі. Қазақта атақты тұлпарлар, сәйгүліктер аз болған жоқ. Солардың бірегейі, қазақтың атақты серісі, жерлес Ақан сері бабамыздың «Құлагері» еді. Бәйге десе делебесі қозатын жанкүйерлердің осы ойын ұққандай ат шаптыратын шабандоздар да оны қыздыра білді. Олар бап пен бақтың үйлесімін паш еткен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығатынын осы жолы тағы да бір дәлелдеді. «Топ бәйге» бәйгесінде 10 шақырымды артқа тастап, алғашқы болып алматылық Ділнұр Нұрмұқанов ерттеген «Тұмар» атты жылқы жетіп, 1 000 000 ақшалай сыйлыққа ие болды. Мәре сызығына екінші болып алматылық Арнұр Саматұлы ерттеген «Роза» есімді жылқы жетті. Арнұрға 700 000 теңге сыйлық пен кубок табысталды. Үшінші болып «Батальон» есімді жылқы келсе, Әрсен Қайырғелді есімді шабандоз ерттеп, 500 000 теңге ақшалай сыйлыққа ие болды.

«Жегілікті тұқым арасындағы бәйге» бәйгесінде «Сұңқар» атты жылқыны ерттеген Ақмола облысынан келген Айбол Бекдановқа 500 000 теңге табысталса, екінші болып көкшетаулық Әбілмансұр ерттеген «Буян» атты жылқы сүрінбей жетіп, 300 000 теңге иеленді. Үшінші келген «Спартак» жылқысы Нұрман Санжарға 200 000 теңге табысталды.

Қара халықтың күткені «Аламан» бәйгесі болды. Бұл бәйгеде де соңғы айналымға дейін кімнің жеке дара келетінін айту мүмкін болмады. Аламан бәйгесінің қорытындысы бойынша алғашқы айналымнан соңына дейін алғашқылардың бірі болған 17 нөмірде шапқан алматылық Айсұлтан Сағымбек «Секрет» атты тұлпарымен мәре сызығын бірінші болып кесіп өтті. Екінші болып астаналық Нағашыбай Мураз келсе, үшінші болып Ақмола облысының Тілекберген Бижұма атты шабандозы «Альжазир» есімді тұлпарымен иеленді. Бірінші орынға Chevrolet Cobalt автокөлігі табысталса, екінші орынға 1 000 000 теңге, үшінші орынға 500 000 теңге табысталды.

Ақан сері дегенде Сырымбет, Құлагер елестейді, дарқандарынды ақын, композитор, үздік әнші, асқақ азамат, ел мұңына оранған талай хикаялар елестейді. Өзгеге ұқсас емірі де, өнері де қазақ халқының мақтанышына айналды. Адам баласында сирек кездесетін сан қырлы дүлдүл бекзаттылықтың не екенін танытып кетті. Кейінгі жас ұрпақтарға дананың дарабоз қасиеттерін аша түсу біздің парыз бен міндетіміз деп санаймын.

Әйгерім ЖАҢБЫРБАЙҚЫЗЫ, журналист.





